

## **Акционерлерге арналған «ForteBank» АҚ орналастыратын жай акцияларды басымдықпен иелену құқығына сәйкес сатып алу туралы ұсыныс**

Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 8/1 мекенжайы бойынша орналасқан «ForteBank» акционерлік қоғамы (Мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2015 жылғы 10 ақпандағы анықтама) (бұдан әрі – Банк) осы арқылы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 16-бабына сәйкес, өз акционерлеріне олардың жай акцияларды сатып алуға басым құқығына сәйкес, шығарылымын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2015 жылғы 19 наурыздағы № А4031 нөмірімен тіркеген, Банктің орналастыратын жай акцияларын (ISIN KZ000A0F4546) сатып алуды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 253 қаулысында бекітілген Акционерлік қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен иелену құқығын іске асыру қағидаларын бекіту туралы және одан бас тарту қағидаларының талаптарын орындау мақсатында Банк өз акционерлеріне келесі ақпаратты хабарлайды:

1. Сатылатын бағалы қағаздардың саны мен түрі – Банктің 4 168 359 147 жай акциясы.
2. Орналастырылған (қоғамның сатып алған акцияларын шегергенде) жай акциялар санының сатылатын жай акциялар санына қатынасы – 22,12 : 1 (бұдан әрі – коэффициент). Акционерлердің басым сатып алу құқығы шеңберінде сатып алуға құқылы акцияларының саны тізілім тіркелген күні олардың меншігіндегі жай акциялар санын коэффициентке бөлу арқылы айқындалады. Сатып алуға жататын үлесті есептеу кезінде бөлшек мәндер бүтін санға дейін аз жағына қарай дөңгелектенеді.
3. Сатылатын жай акцияларды сатып алуға басым құқығы бар акционерлер тізімі «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінің деректері негізінде 2026 жылғы 12 мамыр күні 00 сағат 00 минутта (бұдан әрі – «Тізілімді тіркеу күні») тіркелді.
4. Акционер сатып алудың басым құқығына сәйкес сатылатын жай акцияларды сатып алуға өтінім бере алатын мерзім осы ұсыныс жарияланған күннен кейін күнтізбелік 30 күнді (2026 жылғы 12 маусымды қоса алғанда) құрайды (бұдан әрі – «Мерзім»).
5. Сату бағасы – Банктің 1 жай акциясы үшін 12,80 теңге (бұдан әрі – «Сату бағасы»). Сату бағасы осы сату шегінде Банктің жай акцияларын сатып алатын барлық тұлға үшін бірыңғай болып табылады.
6. Сатылатын жай акцияларды сатып алу талаптары – орналастыру Тізілімді тіркеу күні Банктің жай акцияларын ұстаушы акционерлер арасында келесі тәртіпте жүзеге асырылады:
  - (1) Мерзім ішінде қазіргі акционерлердің Сату бағасы бойынша оларда бар жай акциялар санына пропорционалды тең талаптарда Банктің сатылатын жай акцияларын сатып алуға өтінім (бұдан әрі – «Өтінім») беруге құқығы бар.
  - (2) акционер сатып алудың басым құқығы бойынша сатып алынатын акцияларға ақы төлеуді Өтінім берілген күннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырады;

- (3) Банк келіп түскен Өтінімдердің нақты орындалуын және акционерлерге сатып алудың басым құқығы бойынша акцияларды беруді акционерлер акцияларға ақы төлегеннен кейін жүзеге асырады;
  - (4) Өтінім берілген күннен кейін күнтізбелік 30 күн өткен соң акцияларға ақы төленбеген жағдайда, Өтінім жарамсыз деп саналады;
  - (5) акционерлердің өкілдері құжаттарды ұсыну және құжаттарға қол қою кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өкілеттіктерін растауы тиіс.
7. Көрсетілген құқықты акционерлер толық немесе ішінара іске асырудан бас тартқан жағдайда/ заңнамада белгіленген мерзім ішінде акцияларды сатып алуға өтінімдер түспеген немесе ішінара түскен жағдайда не өтінімдер мерзім өткеннен кейін қабылданған кезде немесе акционерлер орналастырылатын (сатылатын) акцияларды сатып алудан бас тартқан жағдайда, қалған акциялар Сату бағасы бойынша жазылым жолымен ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта сатылады.

Өтінімдерді беру келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- жай акцияларды ұстаушы акционерлер Өтінімдерді тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен Банкке жібереді немесе келесі мекенжай бойынша тікелей Банкке келіп ұсынады: Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі 8/1, телефоны: +7 717 259 99 99 (ішкі 10850), +7 727 244 09 73; Жумабекова Гульжан Жанатовна;
- Өтінім нысандары келесі сілтеме бойынша Банктің сайтында орналастырылған: <https://forte.kz/>

Жай акцияларды шығару аңдатпасымен немесе өзге де ақпаратпен Банктің корпоративтік сайтында, Қаржылық есептілік депозитарийінің және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның интернет-ресурстарында немесе Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі 8/1 мекенжайы бойынша Банкке келіп, сондай-ақ келесі электрондық поштаға сұрау салу жіберу арқылы танысуға болады: [info@fortebank.com](mailto:info@fortebank.com) немесе [shareholders@Fortebank.com](mailto:shareholders@Fortebank.com).

БАҚ үшін байланыс деректері:

«ForteBank» баспасөз қызметі

[press@fortebank.com](mailto:press@fortebank.com)

+7 (7172) 59 99 99

## **Предложение акционерам о приобретении размещаемых АО «ForteBank» простых акций в соответствии с их правом преимущественной покупки**

Настоящим **Акционерное общество «ForteBank»** (справка о государственной перерегистрации от 10.02.2015 года) (далее - Банк), расположенное по адресу: Республика Казахстан, Z05P1P0/010017, г. Астана, район Есиль, улица Достык, 8/1, в соответствии со ст.16 Закона РК «Об акционерных обществах», предлагает своим акционерам приобрести размещаемые Банком простые акции (ISIN KZ000A0F4546), выпуск которых зарегистрирован Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка под номером №А4031 от 19 марта 2015 года, согласно их праву преимущественной покупки простых акций.

Во исполнение требований Правил реализации права акционеров акционерного общества на преимущественную покупку ценных бумаг и отказа от него, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 29 октября 2018 года № 253, Банк доводит до своих акционеров следующую информацию:

1. Количество и вид реализуемых ценных бумаг – **4 168 359 147** простых акций Банка.
2. Соотношение количества размещённых (за вычетом выкупленных обществом) простых акций к количеству реализуемых простых акций – 22,12 : 1 (далее – коэффициент). Количество акций, которое акционеры вправе приобрести в рамках преимущественной покупки, определяется путем деления количества простых акций, находящихся в их собственности на дату фиксации реестра, на коэффициент. При расчёте доли к приобретению дробные значения округляются в меньшую сторону до целого числа.
3. Список акционеров, имеющих право преимущественной покупки реализуемых простых акций, зафиксирован на основании данных системы реестров держателей ценных бумаг АО «Центральный депозитарий ценных бумаг» 00 часов 00 минут 12 мая 2026 года (далее – «Дата фиксации реестра»).
4. Срок, в течение которого акционер может подать заявку на приобретение реализуемых простых акций в соответствии с правом преимущественной покупки, составляет 30 календарных дней после даты публикации настоящего предложения (далее – «Срок») – по 12 июня 2026 года включительно.
5. Цена реализации – 12,80 тенге за 1 простую акцию Банка (далее – «Цена реализации»). Цена реализации является единой для всех лиц, приобретающих простые акции Банка в пределах данной реализации.
6. Условия приобретения реализуемых простых акций – размещение осуществляется среди акционеров – держателей простых акций Банка на Дату фиксации реестра в следующем порядке:
  - (1) действующие акционеры имеют право в течение Срока подать заявку на приобретение реализуемых простых акций Банка (далее – «Заявка») на равных условиях пропорционально количеству имеющихся у них простых акций по Цена реализации.
  - (2) оплата акций, приобретаемых по праву преимущественной покупки, осуществляется акционером в течение 30 календарных дней после даты подачи Заявки;
  - (3) фактическое исполнение поступивших Заявок и передача акций акционерам по праву преимущественной покупки осуществляются Банком после оплаты акций акционерами;
  - (4) в случае неоплаты акций, по истечении 30 календарных дней после даты подачи Заявки, Заявка считается недействительной;
  - (5) представители акционеров при предоставлении документов и подписании документов должны подтвердить полномочия в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.
7. В случае полного или частичного отказа акционеров от реализации указанного права/ не поступления или частичного поступления заявок на покупку акций в течение срока, установленного законодательством или получения заявок после истечения срока или отказа акционеров от приобретения размещаемых (реализуемых) акций, остающиеся акции реализовать на неорганизованном или организованном рынке путем подписки по Цена реализации.

Подача Заявок осуществляется в следующем порядке:


- акционеры – держатели простых акций направляют Заявки в Банк заказным письмом с уведомлением о его вручении либо предоставляют непосредственно в Банк по адресу: Республика Казахстан, Z05P1P0/010017, г. Астана, район Есиль, улица Достык, 8/1, телефон: +7 717 259 99 99 (вн. 10850), +7 727 244 09 73 Жумабекова Гульжан Жанатовна;
- формы Заявок размещены на сайте [Банка https://forte.kz/](https://forte.kz/)

Ознакомиться с проспектом выпуска простых акций или иной информацией можно на корпоративном сайте Банка, интернет- ресурсах Депозитария финансовой отчетности и АО «Казахстанская фондовая биржа», или в Банке по адресу: Республика Казахстан, Z05P1P0/010017, г. Астана, район Есиль, улица Достык, 8/1, а также направив запрос по электронной почте на [info@fortebank.com](mailto:info@fortebank.com) или [shareholders@Fortebank.com](mailto:shareholders@Fortebank.com).

Контакт для СМИ:

Пресс-служба ForteBank

 [press@fortebank.com](mailto:press@fortebank.com)

 +7 (7172) 59 99 99